

**8D04101 «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алуға ұсынылған
Курманғалиева Лязат Ақбергеновнаның «Қазақстан Республикасы
халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу
басымдықтары» атты диссертациясына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ**

«Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында еңбек табыстарының халықтың өмір сүру деңгейін айқындайтын негізгі фактор ғана емес, сонымен қатар экономикалық өсудің, ішкі сұраныстың және әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды тетігіне айналуымен негізделеді. Нарықтық экономика жағдайында еңбек табыстары жеке индивид үшін табыс көзінің басты нысаны бола отырып, ұлттық деңгейде жұмыс күшін ұдайы өндіруді қамтамасыз ететін және адами капиталдың сапасын қалыптастыратын жүйекұраушы элемент ретінде көрініс табады.

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңі нақты еңбек табыстарының өсу қарқынының жеткіліксіздігімен, табыстардың айқын дифференциациясымен, өңірлік және салалық алшақтықтардың сақталуымен сипатталады. Сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми секторда жұмыс істейтіндердің елеулі үлесі халықтың еңбек табыстарын толық әрі дәл бағалауды күрделендіреді. Бұл жағдай қолданыстағы статистикалық көрсеткіштердің халықтың нақты еңбек табыстары жөніндегі көріністі толық қамти алмауына әкеліп, мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Осыған байланысты еңбек табыстарын қалыптастыру мен реттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қайта пайымдау, оларды бағалаудың заманауи құралдарын жетілдіру және мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындайды. Халықтың еңбек табыстарын реттеу мәселесін кешенді зерттеу кедейлікті төмендету, табыс теңсіздігін қысқарту және инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз ету міндеттерімен тікелей сабақтас болып табылады. Сондықтан аталған тақырыпты зерттеу қазіргі экономикалық ғылым үшін де, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму практикасы үшін де жоғары өзектілікке ие.

Курманғалиева Лязат Ақбергенқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында халықтың еңбек табыстарын қалыптастыру, олардың динамикасын, құрылымдық ерекшеліктерін, дифференциациясын және мемлекеттік реттеу тетіктерінің тиімділігін кешенді түрде зерттеуге арналған.

Зерттеу қазіргі экономикалық трансформация, еңбек нарығының құрылымдық өзгеруі, цифрландыру, стандартты емес жұмыспен қамту нысандарының кеңеюі жағдайында орындалған. Осы факторлар еңбек табыстарының экономикалық мазмұнын қайта пайымдауды, оларды бағалау

әдіснамасын жетілдіруді және мемлекеттік реттеу құралдарын жаңғыртуды талап етеді.

Диссертацияда зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты әрі негізді ашылған. Автор халықтың еңбек табыстарының деңгейі мен құрылымы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі индикаторларының бірі екенін дәлелді түрде көрсетеді. Жұмыста нақты табыстардың өсу қарқынының жеткіліксіздігі, табыстардың жоғары дифференциациясы, өзін-өзі жұмыспен қамтудың ауқымды үлесі және бейресми сектордың сақталуы еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы тетіктерінің шектеулілігін айқындайтыны көрсетілген.

Курманғалиева Л.А. еңбек табыстарын тек әлеуметтік категория ретінде емес, макроэкономикалық тұрақтылықты, ішкі сұранысты және экономикалық өсуді айқындайтын жүйе құраушы фактор ретінде қарастырады. Бұл тәсіл зерттеудің қазіргі экономикалық ғылым мен мемлекеттік саясат үшін маңыздылығын арттырады.

Диссертациялық жұмыста еңбек табыстары мәселесінің ғылыми зерттелу деңгейіне терең әрі жүйелі шолу жасалған. Автор классикалық саяси экономиядан бастап, неоклассикалық, кейнсиандық, институционалдық теорияларға және қазіргі халықаралық әдіснамалық тұжырымдамаларға дейінгі ғылыми көзқарастарды саралаған. Әсіресе халықаралық ұйымдардың (Халықаралық еңбек ұйымы, OECD, Canberra Group) табыс статистикасы мен еңбек табыстарын өлшеу тәсілдеріне жасалған талдау жұмыстың теориялық деңгейін күшейтеді. Автор Қазақстанда ұзақ уақыт бойы еңбек табыстарының тар мағынада, тек жалдамалы еңбекақы ретінде қарастырылып келгенін негізді түрде сынға алады. Осы талдау нәтижесінде диссертацияда еңбек табыстарының кеңейтілген авторлық түсіндірмесі қалыптастырылған, бұл жұмыстың теориялық жаңалығын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарының өзгеру үрдістері мен факторларын кешенді бағалау және оларды мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу – нақты тұжырымдалған және толық орындалған. Қойылған міндеттер логикалық тұрғыдан өзара байланысты және диссертациялық жұмыстың құрылымы арқылы жүйелі түрде шешілген. Зерттеу объектісі мен пәні дұрыс анықталған және зерттеу мазмұнына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы еңбек табыстарын реттеудің дәстүрлі тәсілдерін кеңейтіп, Қазақстан жағдайына бейімделген жаңа өлшемдер мен реттеушілік архитектура ұсынуымен айқындалады: біріншіден, еңбек өнімділігінің салааралық алшақтықтарын есепке ала отырып, индексация коридоры мен салалық саралауды үйлестіретін ең төменгі жалақыны реттеудің интеграцияланған моделі негізделген, бұл еңбек стандарттарын келісімді әрі экономикалық тұрғыдан теңгерімді белгілеудің жаңа логикасын қалыптастырады; екіншіден, жалдамалы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар/жеке кәсіпкерлер табыстарының еңбектік құрамдасын бірдей қамтитын барлық жұмыспен қамтылғандардың

медианалық еңбек табысы жаңа статистикалық және реттеуші бағдар ретінде ғылыми дәлелденіп, типтік табысты бағалаудағы жүйелік бұрмалауларды азайтуға мүмкіндік береді; үшіншіден, 2025–2030 жылдарға арналған еңбек табыстары динамикасын сценарийлік болжау әдісі ұсынылып, реттеуші шешімдерді әлеуметтік-экономикалық тәуекелдермен салыстыра бағалаудың қолданбалы құралы ретінде негізделген; төртіншіден, ең төменгі және салалық жалақы бойынша жыл сайын қабылданатын шешімдердің кедейлікке, теңсіздікке, жұмыспен қамтуға және фискалдық параметрлерге ықпалын жедел бағалауға арналған ықшам әлеуметтік экспресс-талдаудың теориялық-әдістемелік негіздері әзірленген.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы «еңбек табыстары» санатын Қазақстанның институционалдық және жұмыспен қамту құрылымына сәйкес кеңейтілген мазмұнда түсіндіруімен, сондай-ақ еңбек табыстарын бағалау мен реттеудің әдіснамалық негізін тереңдетуімен сипатталады. Автор ұсынған тұжырымдамалық тәсіл еңбек табыстарын тек жалдамалы еңбекақымен шектемей, өзін-өзі жұмыспен қамту мен жеке кәсіпкерлік табыстарындағы еңбектік компонентті де қамтитын медианалық индикаторды теориялық тұрғыдан негіздеу арқылы еңбек нарығын талдаудың репрезентативтілігін арттырады және «реттеу объектісі – нақты жұмыспен қамту құрылымы» арасындағы алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді; сонымен бірге ең төменгі жалақыны индексация дәлізі және салалық өнімділік айырмашылықтары арқылы үйлестіру идеясы еңбек стандарттарын белгілеудің теориялық-әдіснамалық қаңқасын жаңғыртып, әлеуметтік мақсаттар (кедейлік/теңсіздікті төмендету) мен экономикалық шектеулер (өнімділік, бюджет қысымы, жұмыспен қамту тәуекелі) арасындағы теңгерімді негіздеуге бағытталған.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған тұжырымдамалардың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу жүйесінде тікелей қолданылу әлеуетімен дәлелденеді: интеграцияланған ең төменгі жалақы моделін пайдалану индексацияны алдын ала айқындалған дәліз шегінде жүргізуге және сала өнімділігіне түзетім енгізуге мүмкіндік беріп, баға және бюджет қысымы тәуекелдерін төмендету арқылы ең төменгі еңбек стандарттарының болжамдылығы мен келісімділігін арттырады; барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын енгізу статистикалық және реттеушілік мониторингті кеңейтіп, жеке кәсіпкерлік пен бейресми секторды қоса алғандағы жұмыскерлер жағдайын дәлірек бағалауға жағдай жасайды және әлеуметтік қорғау шараларын нысаналы таңдаудың дәлдігін көтереді; 2025–2030 жылдарға арналған сценарийлік болжам орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен бюджеттік жоспарлау үшін қолданбалы негіз қалыптастырып, әртүрлі макроахуалда оңтайлы реттеушілік шешімдерді таңдауға көмектеседі; ал әлеуметтік экспресс-бағалау әдісі ең төменгі және салалық жалақы жөніндегі жыл сайынғы шешімдердің кедейлікке, теңсіздікке, жұмыспен қамтуға және фискалдық параметрлерге әсерін жедел өлшеп, саясаттың басқарылуын және болжамдалуын күшейтеді.


Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан қисынды, ішкі мазмұндық тұтастық сақталған. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық байланысқан және зерттеу мақсатына бағындырылған.

Жұмыстың рәсімделуі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми стиль сақталған, тұжырымдар нақты деректермен және талдаулармен негізделген.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған жекелеген ұсыныстардың практикалық енгізілуі қосымша институционалдық және фискалдық шарттарды талап етуі мүмкін. Алайда бұл мәселе зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді және болашақ қолданбалы зерттеулердің бағытын айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Курманғалиева Л.А.-ның «Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D04101 «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес орындалған және оны көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:
Э.Ғ.Д., профессор



Аймагамбетов Е.Б.

